

Тапсырма. Берілген мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Ауыл шаруашылықтың құрамын сызба ретінде көрсетіңіз (дәптерде).
2. Ауыл шаруашылықтың дамуы қандай факторлардан тәуілді екенін түсіндіріңіз.
3. Ауыл шаруашылықтың ерекшеліктерін сипаттаңыз.
4. Дамыған елдердің дамушы елдерден ауыл шаруашылығының айырмашылығын түсіндіріңіз.
5. Ауыл шаруашылықта жерге иелікті (землевладение) сипаттаңыз.

Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаруашылығы — материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады.

Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді.

Ауыл шаруашылығы — шаруашылық салаларының ішіндегі ең ежелгі және табиғат жағдайларына тікелей тәуелді саласы. Ауыл шаруашылық барлық елдерде таралған.

Қазіргі мәлімет бойынша дүниежүзінде бұл салада шамамен 1,3 млрд-тан астам адам еңбек етеді, оған ауыл шаруашылығындағы шаруа (крестьяне) отбасыларын қосатын болса, онда ол көрсеткіш 2,6 млрд адамға жетеді. Еңбекке жарамды ер адамдардың ауыл шаруашылығындағы үлесіне сәйкес елдер индустриялы, постиндустриялы және аграрлы болып жіктеледі. Дүниежүзінде экономикалық белсенді халықтың (ЭБХ) 46%-ы осы салада еңбек етеді.

Жеке елдер бойынша ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндер саны үлкен айырма жасайды. Мысалы, Батыс Еуропа елдерінде бұл көрсеткіш — 8%, АҚШ- та — 3%, Канадада — 4%, Ресейде — 14%, Қазақстанда 40%-ға жуық болса, ал дамушы елдерде ол өте жоғары.

Ауыл шаруашылық географиясы *климаттық және адами* факторларының* әсерінен қалыптасып, дамып отырды. Соңғы уақытқа дейін ауыл шаруашылығы климаттық факторларға тікелей тәуелді болып келді. Олар: вегетациялық мерзімнің ұзақтығы, өсімдіктердің өсуіне мүмкіндік туғызатын 10°C-тан жоғары температуралар жиынтығы, жылдық жауын-шашынның мөлшері мен түсу мерзімі, топырақтың механикалық құрамы мен құнарлылығы. Адами факторларына ферманың аумағы, технологиялар, машина жасау салаларының дамуы, орталықтан қашықтығы (удаленность от центра) және көлік тасымалдары (транспортировка) жатады.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың озық (передовые) жетістіктері ауыл шаруашылығында қолданылып отырған елдерде климаттық жағдайға тәуелділік әлдеқайда төмендейді. Мысалы, Сауд Арабиясы көпшілік бөлігін шөлдер алып жатқанына қарамастан, соңғы жылдары бидаймен өзін толық қамтамасыз етіп, тіпті оны экспортқа шығара бастады.

Аграрлық қатынастар. Дүниежүзінің кез келген елінің ауыл шаруашылығы өзара бір-бірімен тығыз байланысты екі саладан — өсімдік және мал шаруашылығынан құралады. Олардың арасалмағы әр елдің *әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен еңбек ресурстарының көрсеткіштеріне және табиғат жағдайларының ерекшелігіне сәйкес өзгеріп* отырады. Экономикалық деңгейі жоғары елдерде (АҚШ, ГФР, Франция және т.б.) ғылым жетістіктері мен агротехникалық шаралар кеңінен қолданылуы нәтижесінде мал шаруашылығы өнімдерінің үлесі жоғары.

Бүгінгі таңда жерге иелік (земельное владение) етудің бірнеше түрі қатар кездеседі. Олар: жеке-меншіктік, мемлекеттік меншік және кооперативтік меншік. Ең көп таралғаны жерге жекеменшік иелігі, олар дүниежүзіндегі тауарлық ауылшаруашылық өнімдерінің басым бөлігін өндіреді. Жоғары дамыған елдердің көпшілігінде жер қорының біраз бөлігі ірі жер иеленушілердің — фермерлердің қолында шоғырланған. Оларға берілген орташа жер мөлшері — 40—50 га. Бірақ жердің басты қожасы (владелец) — мемлекет.

Дамушы елдерде аграрлық қатынастар түрліше сипатты болып келеді. Азия мен Африканың бірқатар елдерінде жергілікті және сырттан әкелінген күрделі қаржыға негізделген ірі капиталистік шаруашылықтармен қатар феодалдық, тіпті ру-тайпалық қатынастары әлі сақталып калған шаруашылықтар да көптеп кездеседі. Ал Латын Америкасы елдерінде жер қорының көпшілігін помещиктік шаруашылықтың негізін құрайтын ірі жер иеліктері — латифундиялар меншіктейді.

*Адами фактор** - әлеуметтік, өндірістік факторларының жиынтығы.

Қолданған ресурстар:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Ауыл_шаруашылығы Ауыл шаруашылығы.
2. География: Дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/ Ө. Бейсенова, К. Каймулдинова, С. Әбілмәжінова, т.б. — Алматы: Мектеп, 2010. — 304 б. ISBN 978-601-293-170-9
3. География: НМЗ 7 сыныбына арналған оқулық/сыныма нұсқа/ С.А. Аманғалиева, М.Б. Бегжанова, Р.А. Қаратабанов және т.б. Астана: «НЗМ» ДББҰ, 2017. ISBN 978-601-328-195-7

Тапсырма.

А. Берілген мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Өмірден мысалдар келтіріп, инфрақұрылымның экономикада маңыздылығын дәлелдеңіз.
2. Транспорт деген не?
3. Транспорт экономиканың қандай саласы? Өмірден мысалдар келтіріп, дәлелдеңіз.
4. Көліктің инфрақұрылымын анықтап, сипатаңыз.
5. Ой талқы: Жол торабының экономикада маңыздылығы неде?

Көлік (транспорт) инфрақұрылымының элементтері.

Инфрақұрылым - күнделікті өмір мен шаруашылықты дамытуды қамтамасыз ететін кәсіпорындар, ұйымдар, құрылыстар. Ол жолдар, электр және сумен қамту жүйесі, байланыс, қоймашаруашылық, сондай-ақ транспорты қамтиды. Инфрақұрылымсыз қоғам мен экономиканың тұрақты дамуы мүмкін емес.

Транспорт дегеніміз - материалдық өндірістің негізгі саласы болып есептеледі. Бір нәрсенің кеңістікте қозғалуы **транспорт** деп аталады.

Экономикада транспорт деп барлық қатынас жолдары: көлік құралдар мен адамдардың, жүктердің және ақпараттың бір жерден екінші жерге ауысу үдерісін қамтамасыз ететін қатынас жолдарындағы құрылыстардың жиынтығы.

Қатынас жолдары немесе жолдар - адамдар, жүктер және ақпарат өтетін кеңістіктегі (пространство) орын. *Транспорт құралы* – адам немесе жүктерді тасымалдайтын техникалық құралдар. Мысалы, автомобильдер, ұшақ, теңіз және өзен кемелелері, пойыздар, құбырлар (трубопровод), электр тарату желілері және т.б.

Жол торабы деп - бірнеше теміржол, автомобильдік, құбырлар, су жолдар бағытының желілері түйіскен (қиысқан) біріктіретін пунктті айтамыз.

Жол торабының дамуы оның тығыздығына байланысты (*әр жол түрінің орташа ұзындығы шақырыммен есептегенде 100 км²*).

Қолданған ресурстар:

1. География. 2 -бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 7 сынып оқушылығына арналған./Р. Ө. Қаратабанов, Ж.Р. Байметова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017. ISBN 978-601-01-3042-5
2. <http://helpiks.org/7-35036.html> Теміржол торабы туралы түсініктер, олардың жіктелінуі
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/Жол_торабы